



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№33

(813)

4 қыркүйек

2020 жыл

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

БІЛІМ



СОҒЫЛДЫ ОНЛАЙН-ҚОҢЫРАУ

МЕКТЕП:

БАРЛЫҒЫ –
7000 мектеп

3000
мектепте –
ДӘСТҮРЛІ
ОҚУ

3,3 МЛН –
ОҚУШЫ

ҚАШЫҚТАН
ОҚИТЫҢДАР –
2,6 МЛН



1-ШІ
СЫНЫПҚА
БАРАТЫҢДАР –
352 091

Барлық
бастауыш
сыныпқа
баратындар –
1 МЛН

Оның
60 пайызы –
МЕКТЕПКЕ
БАРЫП
ОҚИДЫ

466 МЫҢ –
КОЛЛЕДЖ
СТУДЕНТІ

КОЛЛЕДЖ/
ЖОО:

600 МЫҢ –
ЖОО
СТУДЕНТІ

Дереккөзі:
Білім және ғылым
министрлігінің
баспасөз қызметі

ҰСЫНЫС



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту – Мемлекет басшысы саясатының басты бағыттарының бірі. Президент 19 тамызда Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын одан әрі жаңғырту жөнінде арнайы кеңес өткізді, оның негізгі тезистері кешегі Жолдаудың жеке блогына кірді.



Алик ШПЕКБАЕВ,
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің төрағасы:

«ЖЕМҚОРЛАР ҮШІН ҚАТАҢ ЖАЗА КЕРЕК»

Біріншіден, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту. Ең алдымен, бұл – құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға қатысты. Менің ойымша, олар заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтай отырып, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатаң жауапкершілікке тартылуы тиіс. Пара берушілер мен делдалдар үшін паракорлық жазасын қатандату мәселесі пысықталады. Сотталған жемқорларға қатысты мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жою ең қуатты профилактикалық әсерге ие болады. Осы тәжірибенің жалғасы ретінде біз аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бірнеше еселенген айыппұл қолдануды және жемқорларға колония-қоныстарда тағайындалған жазаны қайта қарауды жоюды жақтаймыз. Екіншіден, 2021 жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлер, депутаттар мен судьялар үшін шетелде банк шоттарын иеленуге тыйым салуды енгізу. Бұл бастама ел мүддесі үшін қызмет ету идеологиясы тұрғысынан ғана емес, жемқорлық капиталын шетелге шығару мүмкіндіктерін жою мақсатында да маңызды. Үшіншіден, менің ойымша, «Қоғамдық бақылау туралы» Заңның қабылдануы азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдарды сыбайлас жемқорлық пен бюрократияға қарсы жүйелі түрде әрекет етуге барынша кең ауқымда тартуға нақты серпін береді. Онда сан қырлы мәселелер бойынша қоғам өкілдерінің мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесудің нақты тетіктері көрініс табатын болады. Антикор әзірлеген Ашық бюджеттердің интерактивті картасы мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз етудің негізгі құралы болу арқылы алға кадам баспақ. Бұдан басқа, мемлекеттік органдардың жанында ғана емес, ұлттық компанияларда да жұмыс істейтін қоғамдық кеңестердің рөлі едәуір күшейетін болады. Үздік шетелдік тәжірибелер негізінде сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпарат берушілерді қорғаудың кешенді жүйесін әзірлеу азаматтық қоғамды жандандырудың маңызды құралы болмақ.

АШЫҚ Әңгіме

Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ, «QAZBILIM» орталығының жетекшісі:

СЫРТТАЙ БӨЛІМДІ ӨРЕҢ ЖАПҚАНДА, ОНЛАЙН БӨЛІМ ОПЫҚ ЖЕГІЗБЕСІН!



Біздегі білім көсегесінің көгермеуі – бейкәсіби реформалардың жасалуынан. Кәсіби мамандардың емес, бейкәсіби адамдардың қолымен жасалған реформа бізді тығырыққа тіреді, сансыратты деп айтуға болады. Білім саласындағы осындай бейкәсіби реформалардың зардабын әлі біраз жыл тартамыз. Егер дұрыс жолға түссек, 5-6 жыл уақыт кетеді. Ал сол бұрынғы сүрлеумен тарта берсек, 50 жыл адасатынымыз айдан анық.

(Бұл туралы 3-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
43,76

DOLLAR
418,29

EURO
496,47

РУБЛЬ
5,65

ИНФОГРАФИКА

АЙНАЛЫМДАҒЫ
ЖАЛҒАН АҚША –
1,2 МЛН ТЕҢГЕ
(ҚАҢТАР-ШІЛДЕ,
2020 ЖЫЛ)



Дереккөзі: Ұлттық банк




168 SAGAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК ҺӘМ ҚОҒАМ



Алдағы аптада Қазақстан Президентінің Жолдауы жарияланады. Президент тура бір жыл бұрын халыққа жол тартқан маңызды, қадау-қадау міндеттерді белгілеп еді. Солардың бәрі жүзеге асты ма?

Бірден айта кетейік, Арыстағы алапат жарылыс, белгілі бір күштердің дем беруімен толастамаған митингілер, Кордайдағы арандату, әсіресе, төтеннен келген пәлекет — тәжкесел стратегиялық мақсаттан гөрі тактикалық міндеттерді дер кезінде шешуді талап етті. Оқыс оқиғалар, әсіресе, пандемия биліктің барлық буыны мен қоғам үшін катал сынға айналды.

БІР ЖЫЛДЫҢ ЖҮГІ

Мықты жағымыз да, осал тұсымыз да осы арада білініп қалды.

Әйтсе де, қысылтаян сәттерге қарамастан, Жолдаудағы міндеттердің елеулі бөлігі орындалды. Бұл ретте саяси және әлеуметтік блокты бөле-жара айтқан жөн. Қазақстан шын мәнінде азаматтардың өтініші мен талабына, сындарлы сынға құлақ асатын *(орысшадан сөзбе-сөз аударылып жүргендей, естітін емес)* мемлекетке айнала бастады. Президенттің қандай бір елеулі оқиғаға дер кезінде тікелей ұн қатуы, тиісті тапсырма беруі, азаматтардың өтінішін қабылдайтын арнайы бөлімнің құрылуы - сөзімізге дәлел. Осынау он тәсілді енді министрлер мен әкімдер, мекеме басшылары игерсе игі. Әйтпесе, атқамінерге үміт артудан қалған тұрғындардың тікелей Президентке жүгінуі немесе БАҚ-тан көмек сұрауы жалғаса береді.

The show must go on *(Шоу жалғасуа беруі керек)*. Бұл белорус елінде сайлаудан кейін тоқтаусыз өтіп жатқан митингке қатысты айтқан бір сарапшының пікірі. Беларусь еліндегі оқиғалар митинг бір елдің ішкі мәселесі болудан қалып бара жатқанын айғақтайды. Наразылық шарасы әлемдік державалар арасындағы текетірес, сауда соғысы, белгілі бір аймақ үшін ықпал соғысына, бейнелеп айтқанда, «демократия шокпарына» айналып келеді. «Митинг вирусы» бізді де біраз әбігерге салды. Билік азаматтардың өз пікірін еркін жеткізуі жолында түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырды. Арнайы заң қабылданды. Ендігі жерде митинг өткізу үшін рұқсат сұрамайды, құлақтандырудың өзі жетіп жатыр. Каланың киыр шетінде емес, орталығында жиналуға болады. Бірақ бәрі заң шеңберінде болуы тиіс. Арандатуға, тәртіпсіздікке жол берілмейді. Бұзақылық әрекетке барғандар, шетелдегі ықпалды жанашырлары ара түссе де, жауапқа тартылады. Айта кеткен жөн, кейбір халықаралық ұйымдар біздегі митингке шетел азаматтарының қатысуын көздейтін бапты енгізуге күш салды. Билік бұл мәселенің мемлекеттің ішкі мәселесі екенін мәлімдеп, оған сырттан ешкімнің араласуына

жол берілмейтінін кесіп айтты. Саяси реформалардан сөз қозғағанда, партияларды тіркеу үшін ұйым мүшелерінің санын азайту, Парламентке жастарды тарту сықылды бастамалар өз жемісін береді деген ойдамыз.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттік сайлау бағдарламасында, сондай-ақ, былтырғы Жолдауда көрініс тапқан әлеуметтік әділеттілік қағидасы қоғам өмірінде нақты көрініс тапты. Атаулы әлеуметтік көмек *(АӘК)* пен пандемия кезінде *берілген ақшалай жәрдем (42500 теңге)* мемлекеттің қандай жағдай болмасын, өз азаматтарына қол ұшын созып, қамқорлық танытатынын паш етті. Көмекке зәру жандарды қолдау барысы, әсіресе, АӘК жүйесін жетілдіре түсу, тиісті мекемелердің жауапкершілігін арттыру, жемқорлық пен көзбояушылыққа жол бермеу секілді көкейкесті міндеттер тұрғанын қаперге салды. Сондай-ақ «бес саусақ бірдей емес» дегендей, қоғамның кейбір бөлігінде оңай жолмен ақша алу үшін небір алаяқтық әрекеттен тайынбайтындардың табылатынын да көрсетті. Жалпы, қит етсе, «мемлекет асырауы тиіс» дейтін қол-аяғы балғадай, он екі

де кәсіпкерлерге демеу болды. Компанияларда жұмыс орнының сақталуына күш салды.

Жер-жаһанды әлекке салған коронавирус кеселі тауар мен бұйымның, азық-түліктің түр-түрімен өзін-өзі қамтамасыз ететін елдің қиындыққа қынбайтынын дәлелдеді. Медицина құрал-жабдығы мен дәрі-дәрмек өндірісі өміршен мәселе екені айқын көрінді. Міне, сондықтан алдағы Жолдаудан туындайтын міндеттер арасында отандық өнім өндірісіне басымдық берілсе, құба-құп. Бұл ретте бірер жыл бұрын қолға алынған қарапайым заттар экономикасының болашағы зор. Тек біздегі бастайтын да тастайтын жартыкеш жобалардың кебін қимесін деңіз. Тәжжесел қолғап, бетперде, дәке секілді ең «қарапайым заттарды неге өзімізге жетерліктей неге өндірмеске?» дейтін байырғы сауалды тағы да көлденен тартты. Ендігі жерде жоспарлы, жүйелі түрде жұмыс істейтін кез келді. Әйтпесе, өндіруші емес, тұтынушы болып қалғанымыз қалған. Дәрі көптеп өндірілсе, ортадағы жылпос делдал мен алыпсатардың саудасы жүрмес еді.

Осы салада аяқтан тартатын тағы бір кесел бар. Ол — кенестік жүйеден қалған көрсеткішті қолдан өсіріп, қағаз жүзінде бәрі қатып тұратын әдемі ақпар беру. Соның кесірінен не жоба іске аспайды, не қазынадан бөлінген қыруар ақша қолды болады. Жалпы үкімет, Парламент және саяси партиялар, қоғамдастық тарапынан экономикаға бөлінген қаржының орнымен жұмсалудың қадағалайтын механизмді қалыптастыратын уақыт жеткен секілді.

Әрине, әлдебір сарапшылар жазып жүргендей, қара бұлтты төңдіре берудің жөні жоқ. Ел экономикасы шикізатқа көбірек иек артса да, өркендей түсудің іргетасын қалап алды. Елбасының тікелей бастамасымен Ұлттық қорды құрып, экспорт түсімінің бір бөлігін қиын

күндерге деп жинауы сәтті шешім болғанын қайталанып жатқан дағдарыстар дәлелдеп берді. Мұнай бағасы құлдыраған тұста отандық алтын өндірісі Ұлттық қор мен алтын-валюта резервінің бүйірі солмай, керісінше, тоқ болуына ықпал етті. «Көгілдір отынды» ел игілігіне жұмсауды көздейтін «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры желісінің іске қосылуы да жүзеге асқан айтулы жобалардың бірі. Атыраудағы жылына 500 мың тонна полипропилен өндіретін газ-химия кешені іске қосылған соң көршілерді аса бағалы өніммен қамтамасыз ететін қоры кәсіпорына айналады.

Жаһандану өрісі тарылып, халықаралық қоғамдастықтағы бұрынғы сенімді байланыстың көбесі сөгіліп жатқан қазіргі заманда ішкі ахуалы тұрақты, халқының береке-бірлігі қуатты, экономикасы мығым мемлекет қана қиындық атаулыға төтеп бере алады. Міне, осы қағидаттар жаңа Жолдауда көрініс табады деп үміттенеміз.


Срайыл СМАЙЫЛ



мүшесі сау қайсыбір азаматтарды масылдық психологиядан арылту үшін үкіметтің «Балық берме, қармақ бер» қағидатын басшылыққа алып, еңбекке ынталандыруға мән бергені жөн секілді, біздіңше.

Мемлекет басшысының бастамасымен әлеуметтің тілегі мен лебізін билікке жеткізетін Ұлттық қоғамдық сенім жөніндегі кеңестің құрылуы да бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Кеңес қызметін бұдан да тиімдірек ету мақсатында, біздіңше, оның құрамына қазіргі сарапшы, зәңгер және журналистерге қоса медицина, білім мамандары, бизнес *(шағын және орта)* пен шаруа қожалығы, жастар өкілдерін көбірек тартқан жөн секілді. Өйткені олар сол ортадағы шешімін күткен түйін мен қордаланған түйткілді басқалардан гөрі жақсырақ біледі.

Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауда экономиканың бөломыртықасы іспеттес шағын және орта бизнесті қолдауға айрықша мән берді. Жыл басынан бері олар салықтың кейбір түрінен босатылды. Үкімет карантин кезінде



Аида БАЛАЕВА,
ақпарат және қоғамдық даму министрі:

«Диплом алып шыққан жас журналистерге тағылатын тағы бір сын – олардың практикалық тұрғыдан дайын болмауы. Жоғары оқу орнында берілетін теориялық білім практикамен ұштаспайды. Көп жағдайда жас мамандар жұмысқа тұрған соң үйренуге мәжбүр. Осы орайда студенттердің тәжірибелік дағдысын дамыту үшін ақпарат және қоғамдық даму министрлігі журналистика факультеттерінің студенттерін бірінші курстан бастап мемлекеттік БАҚ-та өндірістік тәжірибеден өткізуге дайын».



Ерлан СЫДЫҚОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры:

«Болашақ журналистің ұстаханасы – аудитория немесе университеттің іші емес, бұқаралық ақпарат құралдарының қайнаған ортасы. Мысалы, «Қазмедиа» орталығында әр телеарна мен радио арнада журналистика кафедраларының филиалын ашу – ең алдымен осы ақпарат мекемелеріне керек. Студенттер сол жерде жүруі керек. Сол кезде ғана олар журналистік цехты сезініп, ақпарат дайындау машығын меңгереді».

Әлеумет.1⁰ ЕҢБЕКПЕН НАН ТАБУ ДА ӨНЕР

Инстаграм әлеуметтік желісіне тіркелгем ғой. Әншілер мен әртістердің парақшасына топ ете түстім. Карантин басталып, тойға тыйым салынғалы көгілдір экран «жұлдыздардан» демалып қалғандай еді. Сөйтсем, әлгі кісілердің бәрі инста-әлемге көшіп кетіпті.

Індет байға қанағат, кедейге сабыр қылуды үйретті деп жүр ғой біреулер. Сол рас-ау деймін, ковид келгелі әншілер табан ет, маңдай термен ақша табуға көшкендей. Қоғам белсендісі Ахметбек Нұрсила өнерде жүрген қыз-жігіттерді шырылдауық шегірткеге тенегені есімізде. Тойдан-тойға барып, секіріп билеп, фонограммалармен аузын жыбырлатып, бір түнде бірнеше мың доллар табатын «жұлдыздарды» еңбекпен нан табуға шақырғандай. Намыстарына тигендей болғанымен, сөзінің жаны бар. Түсінген кісіге Ахметбектің айтқаны жанашырлықтан туған тенеу.

Індеттің жақсысы жоқ қой. Бірақ осы жолғысы өнерде жүрген қыз-жігіттерді тәтті ұйқысынан шошытып оятып, аспандағы жұлдыз кейіптерінен жерге түсіргендей. Көбі тәубесіне келді, үнемішілікті үйренді деп жүр. Үнемі той бола бермейтінін, фонограмманың азық болмайтынын ұғынған шығар? Сөзімізге дәлел келтірейік. Кейбір әнші-әртістер қоражай салып, мал бағып кетіпті. «Жігіттер» тобының әншісі Бағлан астындағы темір тұлпарын жылқыға айырбастаған. Қазір Алматының шетінде бие байлап, қымыз сатып отыр. Өмірқұл Айнияз да Алатаудың етегінен кең қоныс алып, мал ұстауға кірісіпті. «Өмір» деген студиям бар еді, енді «Өмір» шаруа қожалығын ашып жатырмын» дейді. Кеше ғана инстаграмда Әділ Сламхан да үлкен қора салып жатқанын жариялады. Қарап тұрсаңыз, күні кеше ғана сахнаның гүлі болып жүрген «жұлдыздар», енді мал бағудан бәсекеге түскендей. Дәстүрлі әнші Қазбек Әдікеев алажаздай әлеуметтік желіде Жанарқаның қымызын сатты. Енді Түркияда өндірілген ешкінің майын жарнамалап жатқанын көріп, қуанып қалдық.Ал Алтынай Жорабаева былтырдан бері әлеуметтік желі арқылы әртүрлі ұтыс-ойын ойнатаып жүр. Механизмін түсінбеген соң, одан қалай ақша табатынын айта алмаймыз. Әнші кейде инстаграмда түрлі өнімді жарнамалап жатады. Парақшасында 3 млн «оқырманы» бар адамның жарнамасы тегін болмайтыны енді түсінікті. Бұл да кәсіп. Алайда атағын малданып алаяқтық іске шатылып жатқандары да жоқ емес...

Біз ешкімді кемсітіп, мұқатып отырған жоқпыз. Қайта ел алдында жүрген өнерпаздардың еңбекпен нан тапқанын көпке үлгі етіп отырмыз. Сол үшін бірнеше адамға ғана тоқталдық. Әйтпесе, бұрын халықтың қазынасы саналған тойдан тиын тапқандардың бәрі осы күні бір-бір кәсіптің құлағын ұстай бастапты. Қайсыбірін айтайық, әркім бейіміне қарай табан ет, маңдай терімен ақша табуды үйрене бастағанына біз де қуандық!

Әлеуметтік желінің бір кемшілігі — әлгі «жұлдыздар» ішкен-жегенін, сатып алған киімін, қыдырған жеріне дейін салып отырады екен. Онысы кімге керек дейсіз ғой? Сөйтсек, оның да қажеті бар екен. «Оқырман» тарту үшін басқа несін көрсетеді? Біреудің ішкен-жегенін тамашалап отыратындарды оқырман деген әдемі сөзбен әрлеуге аузымыз бармады. Сондықтан «Оқырманды» тырнақшамен қамап тастауға мәжбүр болдық.

Бұрын әншілер сахнада ән айтуды өнер деп түсінетін. Енді олар еңбекпен нан табудың да үлкен өнер екенін ұғынған шығар?



Жарас КЕМЕЛЖАН

Аптаның айтары

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Алматы қаласының әкімі:



«Бүгінге дейін 5000-нан астам тексеру жүргіздік. Жеке және заңды тұлғаларға 400-ден аса айыппұл салынды. Әкімдік, СЭС, полиция және «Нұр Отан» партиясы тарапынан тексеру жүріп жатыр. Әр клубты аңду мүмкін емес, бірақ жұмыс жалғасады. Барлық нормаларды бұзған жағдайда тиісті қызмет мекемелері электр жарығы мен суды өшіреді. Айтқан сөзді түсінбесе, біз осындай қадамға баруға мәжбүрміз».

Ашық әңгіме

Онлайн қоңырауды да көрдік-ау! Алғашқы қоңырауды айтып отырмыз. Бұрын 1 қыркүйек кәдімгідей көңілді мерекеге айналушы еді. Тұлымы мен тұлымшағы желбіреген мыңдаған ұл-қыз тұңғыш рет мектеп табалдырығын аттаса, қаншама жас студент атанып жататын. Биыл індетке байланысты бәрі онлайн форматқа ауысты. Сонда онлайн оқу білім бола ма? Қашықтан оқыту қаншалық тиімді? Білім саласындағы түйткіл жыл сайынғы реформалармен, сапасыз оқулықпен шектеле ме? Бүгінгі әңгіме осы тақырыптар төңірегінде өрбіді.

Жас qazaq: Аятжан мырза, сіз үшін биылғы алғашқы қоңырау «құмығып» сыңғырлағандай естілген жок па?

А.Ахметжанұлы: Биылғы алғашқы қоңырау жылдағыдан өзгеше болып тұр. Алғаш рет мектепке қадам басатын бүлдіршіндерге ауыр тиді. Сондай-ақ 5-сынып пен 11-сыныпқа, 1-курс студенттеріне де жеңіл тиген жок. Өйткені 1 қыркүйек олар үшін алғашқы қадам ғой. Олар сол алғашқы қадамды сезіне алмады, алғашқы сабақ күнінің әсеріне бөлене алмады. Жаным ашиды. Оған амал жок. Мемлекеттің басты байлығы — халық. Ал халықтың басты байлығы — денсаулық. Бұл амалсыздық — денсаулықты сақтаудан, эпид-ахуалға байланысты жасалып жатқан шарасыздық.

Жас qazaq: Білім саласын өте жақсы білесіз. Ең көп реформа жасалған, ең көп министр ауысқан сала бұл. Білім саласының көгермеуі осы себептерден емес пе?

Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ,
«QAZBILIM» орталығының жетекшісі:

СЫРТТАЙ БӨЛІМДІ ӘРЕҢ ЖАПҚАНДА, ОНЛАЙН БӨЛІМ ОПЫҚ ЖЕГІЗБЕСІН!

А.Ахметжанұлы: Жок. Әлемде ғылым мен техника күн сайын жаңарып жатыр. Сол үшін білім саласына жасалатын реформадан, жанашылдықтан қашуға болмайды. Бірақ біздегі білім көсегесінің көгермеуі — бейкәсіби реформалардың жасалуынан. Кәсіби мамандардың емес, бейкәсіби адамдардың қолымен жасалған реформа бізді тығырыққа тіреді, сансыратты деп айтуға болады. Арыға бармай-ақ, министр Асылан Сәріңжіповты алсақ, ол банк саласынан тікелей білімге топ ете түсті. Ал Ерлан Сағадиев қаржы министрлігінің вице-министрі лауазымынан білім министрі болды. Осының өзі біздегі білім жүйесі аутсайдерлердің отыратын креслосы ретінде қарастырылғанын көрсетеді. Сондықтан бейкәсіби реформа жасалғаннан кейін былығыды. Қазақ «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» дейді. Мәселе реформа жасауда емес, кәсіби реформада. Мысалы, койды қасапшылар балталап та, пышақпен де сояды. Әңгіменің түйіні: қасапшының қолымен сойылған койда тұр. Білім саласындағы осындай бейкәсіби реформалардың зардабын әлі біраз жыл тартамыз. Егер дұрыс жолға түссек, 5-6 жыл уақыт кетеді. Ал сол бұрынғы сұрлеумен тарта берсек, 50 жыл адасатынымыз айдан анық.

Жас qazaq: Дегенмен бұрынғы министрлердің ішінде кемінде мұғалім болып мектепте сабақ берген біреуі бар шығар?

А.Ахметжанұлы: Жоғары оқу орнында ректор болған Бақытжан Жұмағұлов бар. Алғашқы жұмыс орны мектептен басталғандары да бар. Мәселе онда емес. Министр болғанға дейін соңғы 10 жылында қара тақтаның алдында бор жеп, терлеп-тепшіп сабақ берген біреуі бар ма? Жок кой.

Жас qazaq: Сіз айтқандай бейкәсіби мамандардың жасаған реформасының кесірінен білімсіз ұрпақ өсіріп жатқан жокпыз ба?

А.Ахметжанұлы: Әрине, білімсіз ұрпақ өсіріп жатырмыз. Бүгінгі біздің Қазақстан қоғамындағы ең ауыр мәселе жұмыссыздық емес, білімсіздік, біліксіздік. Бұл қайдан

Біздің елде бір жылда 500-600 грант бөлінетін биотехнология деген мамандық бар. Қазақстанда биотехнологияның зертханасына бір адамның саусағы жетеді. Сонда олардың бәрі анау оқу бітіріп жатқан 500-600 биотехнолог маманды жұмысқа қабылдауға мүмкіндігі бар ма? Жок. Сол үшін нарықтың талабы ескерілуі керек.

шықты? Бұл бейкәсіби министрлердің реформасы мен білім саласына жасалған енжар көңілдің салқыны. Себебі, біздің университеттер ХХІ ғасырға әлі толық өткен жок. Назарбаев университетін бұл



катарға қоса алмаймын. Ал басқа жоғары оқу орындарының материалдық базасы, техникалық мүмкіндігі, зертханалық базасы, оқу-әдістемелік құралдары — бәрі ХХ ғасырда қалған. ХХІ ғасырдың маманын ХХ ғасырдың көзқарасымен дайындасаң, ол білімді, білікті болмайды. Аты дардай ұлттық университеттердің зертханасындағы құрал-жабдықтардың бәрі кенес үкіметі кезіндегі ескі-құсқы дүниелер. Ондай жабдықтармен ешқандай зертханалық өнім ала алмайсыз. Бейнелеп, салыстырмалы түрде айтқанда, қылыш қайрауды үйреніп, танкімен соғыса алмайсың ғой. Бұл сондай әңгіме.

К.Токаев осы аптада жасаған Жолдауында ғылымға 1000 грант бөлуді айтты. Мың грант деген сөз — мың ғалым ұтып алатын ғылыми жоба деген сөз. Мың грант деген өте жақсы жаңалық. Бірақ сол мың ғалым жұмыс істейтін зертхана, техникалық мүмкіндік бар ма бізде? Мәселе сонда. База дайын болмаса, бөлінген мың грант далаға кетеді. Өтірік есеп, шалажансар нәтиже шығады. Тағы да салыстырмалы түрде айтсақ, сауыт-сайманы сай болмаса, жүрегінде түгі бар батыр да жаумен бетпе-бет келе алмайды ғой.

Жас qazaq: Министр «онлайн оқуға дайынбыз» деді. Ал ел аралап келген депутаттар интернетсіз ауылдардың көп екенін айтады. Мәселен, Нұртай Сәбилянов «ШҚО-да 400 ауылда интернет жок» деді. Кімнің сөзіне сенесіз?

А.Ахметжанұлы: Бұл жерде әркім өз тұрғысынан жауап беріп жатыр. Онлайн деп айтпаныз, бізде онлайн оқу деген жок кой. Қашықтан оқу деген дұрыс. Бұл — бір. Екінші, білім министрлігі «қашықтан оқуға дайынбыз» десе, олар өздерінің тұрғысынан айтып отыр деп түсінініз. Ал депутаттар «дайын емес» десе, олар көзімен көргенін айтыты. Интернет мәселесі білім министрлігі жауап беретін шаруа емес, ол цифрландыру саласының жұмысы. Жалпы осы жолғы пандемия

екі министрліктің 30 жылдық жұмысын айпара ашып көрсетіп берді. Біріншісі — цифрландыру саласында 30 жылда бірде-бір жұмыстың жасалмағанын, екінші — еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 30 жылда халықтың әлеуметтік жағдайын жасай алмағанын көрсетті. 4-5 баласы бар жанұя балаларын бір ноутбукпен қамтамасыз ете алмай отыр. Бұл жоқтың орнын толтыруға мемлекеттік бюджеттен аяқ астынан миллиондаған ақшаның бөлінуі — мен үшін аянышты жағдай. Шешімі де емес.

Кез келген мемлекетте бір саламен екінші бір сала тығыз қатынаста болады. Бір жағы ғана кінәлі деу қате пікір. Сондықтан білім саласындағы осындай олқылықтардың бәріне жалпы жүйенің реформасы қажет. Ел аралап жүрміз ғой, қысқасы, қашықтан білім алуға дайын емеспіз.

Жас qazaq: Биылғы Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Диплом басып шығаратын кейбір оқу орындарын жабу керек» деді. Сонда ондай университеттер бәсекеге қабілетсіз болып тұр ма, әлде кейбіреулер білімді бизнеске айналдырып жіберді деген сөз бе?

А.Ахметжанұлы: Білімді бизнеске айналдыру соңғы 10-15 жылда қалыптасып кеткен жағдай. Жылына

200 студент қабылдап, 800 студентке диплом беретін университеттер бар. Сондай-ақ, өз саласынан басқа саланың мамандарын дайындайтын оқу орындары да бар. Мысалы, өзі экономикалық университет болуы мүмкін. Бірақ ол педагог мамандарды оқытып шығады. Немесе аграрлық университет бола тұрып, экономистерді оқытып шығарады дегендей. Бізде осындай әмбебеп университеттер өте көп. Мұның салқыны студентке тиеді. Экономикалық университеттер болашақ экономистерді жақсы дайындайтын шығар, бірақ олар педагогтарға дұрыс білім бере алмайды. Олар мұндай таңдауды саналы түрде жасап, ақшаның көзі ретінде факультет ашып отыр. Диплом басып шығаратын университеттер деген осылар.

Мұндай жоғары оқу орындарын жауып тастаумен мәселе шешіле ме? Қатан шешімдерге бармаса, диплом басып шығару ешқашан

тоқтамайды. Осындай қатаң тәртіп болмаса, ертең қашықтан білім беруді заңдастырып алғысы келетіндер пысықтар шығады. Немесе студенттерге онлайн білім беріп, диплом басып шығаратын университеттер пайда болады. Қазірдің өзінде ондайлар төбе көрсетіп жатыр. Сырттай бөлімді әрең жапқанда онлайн бөлім опық жегізіп жүрмесін. Күні ертең-ақ онлайн өмір сүретін

Оқулық шығару о бастан үлкен бизнес көзі. Бизнес екен деп ұлттың болашағын, ұрпақтың бағдарын саудаға салуға болмайды. Оқулық шығаратын баспалар осыны ойлануы керек!

университеттердің шықпасына кім кепілдік береді?

Жас qazaq: Нарықта сұранысы жок мамандықтарды оқытып, жыл сайын оларға бірнеше жүз грант бөліп отырған университеттер де бар ғой.

А.Ахметжанұлы: Ондай оқу орындары бар. Бұл жауапкершіліктен келіп шығатын мәселе. Университет өзі оқытып жатқан студенттің жұмыс табуына жауапкершілікпен қарай ма? Ертең оқу бітірген соң жұмыс таба алатынына кепілдік бере ме? Немесе жұмыс тауып бере ала ма? Өкінішке қарай, біздегі оқу орындары оған бас қатырмайды. Компаниялармен келісімшарт жасамайды. Ондай болса, бұл адамның болашағына балта шабу, жап-жас студенттің өміріне түкіру деген сөз. Әрі-беріден соң, бұл қылмыс.

Біздің елде бір жылда 500-600 грант бөлінетін биотехнология деген мамандық бар. Қазақстанда биотехнологияның зертханасына бір адамның саусағы жетеді. Сонда олардың

бәрі анау оқу бітіріп жатқан 500-600 биотехнолог маманды жұмысқа қабылдауға мүмкіндігі бар ма? Жок. Сол үшін нарықтың талабы ескерілуі керек. Бір студентті төрт жыл оқытып шығуға қанша қаржы кетеді? Шәкіртақысы бар, оқытушысына төленетін еңбекақысы, жатақханасы, кабинетін жасақтауы сияқты барлық қажетті шығынына бірнеше он миллион теңге кетеді. Ал оған оқу бітірген соң жұмыс табылмаса, кеткен қаржы, төккен тер, еткен еңбек есіл кетпей ме? Бұл бір ғана мысал. Ондай мамандықтар өте көп.

Мысалы, өзі экономикалық университет болуы мүмкін. Бірақ ол педагог мамандарды оқытып шығады. Немесе аграрлық университет бола тұрып, экономистерді оқытып шығарады дегендей. Бізде осындай әмбебеп университеттер өте көп. Мұның салқыны студентке тиеді. Экономикалық университеттер болашақ экономистерді жақсы дайындайтын шығар, бірақ олар педагогтарға дұрыс білім бере алмайды.

Жас qazaq: Өткенде Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев мектептердегі қазақ әдебиеті оқулығын қатты сынады. Оқыған боларсыз. Оқулықта орыс және әлем жазушыларының бар екенін, кейбір қазақ қаламгерлерінің еңбегенін, керісінше, әдеби ортада әлі мойындала қоймаған жазушылардың енгенін айтқан. Оқулықтағы олқылықтарға сіз не қосасыз?

А.Ахметжанұлы: Оқулықтан кемшілік іздесен, аяқ алып жүре алмайсың. Оқулық шығаруға байланысты жиналыстардың көбіне қатысып жүрген маман ретінде айтайын. Оқулық жазудың жүйесі өзгермесе, кәтелік ешқашан жойылмайды. Оқулықтың бағдарламасын Ыбырай Алтынсарин атындағы білім академиясы дайындайды. Оқулықты баспаларға жаздырады. Авторларды баспа өзі тандайды. Сараптамадан оқулық орталығы деген мекеме өткізеді. Мемлекеттік талапты білім министрлігі жасайды. Міне, бір оқулықтың айналасында осындай 5 мекеме бар. Бес мекеменің ортасында жүрген оқулық ешқашан сапалы болмайды. Жауапкершілікті ешқайсысы өз мойнына алмайды. Бір-біріне сілтей береді. Қысқасы, оқулық жазу оқулық авторының екінші немесе бесінші жұмысы болмауы керек. Оқулық пен оқулықтың бағдарламасы бір авторлық ұжымның қолынан шығуы керек. Барлық кемшілігіне сол ұжым жауапты болуға тиіс.

Оқулықтардағы өрескел қателіктің бірі — әдетте оқулық мазмұнында оңайдан қиынға өту, жалқыдан жалпыға ауысу, қарапайымнан күрделіге көшу деген сияқты білімнің заңдылықтары болады. Біздің оқулықтарда осы заңдылық та сақталмаған ғой. Мен бұл арада еміле, грамматикалық қателікті теріп отырған жокпын. Қанқасы дұрыс болмаған соң басқасын сұраудың қажеті жок. Баспа оқулықтың мазмұнына жауап бермеуі керек. Оның жұмысы техникалық жұмыс, басып шығаруға жауап берсін. Ол ғылыми-әдістемелік мекеме емес. Сондықтан баспалардың оқулық жазуы өрескел қателік деп білемін.

Жас qazaq: Оқулық дегеннен шығады. Баспалар плагиат оқулықтар туралы айтып жатыр. Ресейден оқулық шығарып келетіндер бар дейді. Бұл қалай: біздің баспалардың оқулық шығаруға техникалық мүмкіндігі жетпей ме, әлде «сауда-саттық» араласып кетті ме?

А.Ахметжанұлы: Оқулықтың мазмұнына келсек, кейбір оқулықтар Ресейдің өзінде шығатын оқулықтың көшірмесі. Бұл айтылып жүр. Ал екіншісі — техникалық мәселе. Оқулықты шетелден бастыру дегенге келсек, бұл әлгі баспалардың өзінін техникалық мүмкіндігінің нашарлығы, ал Ресейде бұл арзанға түседі. Бұл арада ақшаның да әңгімесі бар болуы мүмкін? Ол жағына көзіміз жетпеген соң, ешнәрсе айта алмаймыз. Бірақ оқулық шығару о бастан үлкен бизнес көзі. Бизнес екен деп ұлттың болашағын, ұрпақтың бағдарын саудаға салуға болмайды. Оқулық шығаратын баспалар осыны ойлануы керек!

Жас qazaq: Қайсыбір жылдары кейбір баспалардың оқулықты Қырғызстанға

апарып, сол жақтан арзан автор тауып

жаздырып келетіні айтылып, жазылып еді.

Оқулық жазуға сізге ұсыныс түскен жок па?

Ұсыныс түссе, қалай жазар едініз?

А.Ахметжанұлы: Өз басым Қырғызстанға

апарып оқулық жаздырды дегенді естіген

жокпын. Өйткені оқулық авторларының

біразымен таныспын, сарапшы ретінде

жұмыстарын қадағалап отырамын. Ал

бізге оқулық жаздыруға, бағдарламасын

жасатуға ұсыныстар түседі. Алайда

ұсыныстың қолайсыздығы келісімге

келуімізге мүмкіндік бермейді. Мысалы,

олар бір аптаның ішінде бағдарлама жазып

бер, екі-үш айдың ішінде оқулық жазып

бер деген сияқты қолайсыз талаптар

қояды. Сондықтан олардан бас тартып

жүрмін. Оқулық жазу — ойыншық жасау

емес кой. Бір оқулықтың айналасында

он шақты маман жұмыс істеуі керек. Біз

сияқты үкіметтен бір тиын ақша алмайтын

мекеменін оқулық жазамын деп тыраштануы

оқушыға қиянат, өзімізге қылмыс болар еді.

Біз оқушылар мен мұғалімдерге қосымша

оқу-әдістемелік құралдарын дайындаймыз.

Ал оқулық жазу мүлде басқа дүние. Тағы

да қайталап айтамын «Шымшық сойса да

қасапшының сойғаны» дұрыс!

Жас qazaq: Әңгіменізге рахмет!



E-mail: jasqazaq2019@mail.kz

www.jasqazaq.kz

Әңгіме-дүкен

деңгейге көтерілуі тиіс. Бірыңғай мәліметтер базасымен қамтамасыз ету – Үкіметтің ең басты міндеттерінің бірі. Қазақстанның барлық азаматы сапалы байланыс және интернетпен қамтамасыз етілуі қажет. 250-ден астам тұрғыны бар қайсыбір ауылға ғаламтор қолжетімді болсын».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында цифрландырудың барлық реформалардың басты элементі екеніне тоқталды.



Осы орайда, еліміздің үшінші мегаполисі цифрлы дәуірдегі сандық эволюцияны бір кісідей өткеріп келеді. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бірінші Шымкент қаласында тәжірибеден өткізіліп жатқаны белгілі. Шымқала – бүгінде ақылды қалаға айналған. Бірқатар электронды жобалар жүзеге асып жатыр. Осы орайда біз Шымкент қалалық цифрландыру басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Досан Әлібековтен аталған сандық жаңалықтар турасында сұхбат алдық.

Jas qazaq: Досан Биназарұлы, биылғы оқу жылы бұрынғылардан өзгереді болатынын бәріміз де біліп отырмыз. Қашықтан оқу – техника мен технологияға тікелей тәуелді. Онлайн оқу үшін әр үйде интернет байланысы жақсы болуы керек. Осы орайда Шымкент қаласында қандай жұмыстар атқарылуда?

Д.Әлібеков: Ағымдағы жылдың оқу маусымында балалардың онлайн режимде сабақ алуын қамтамасыз ету үшін қаладағы барлық білім беру ұйымдары жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілуде. Осы бағыттағы жұмыстарды күшейту мақсатында қала аумағы бойынша 11 базалық станса орнату орындары айқындалып, қазіргі таңда тиісті жер телімдерінің координаталары белгіленді және мемлекеттік актілері рәсімделді. Сонымен қатар барлық өзге де құжаттары заңдастырылып, электр энергиясымен қамтамасыз ету жұмыстары аяқталуға жақын. Байланыс операторлары тарапынан тиісті базалық стансалар орнату жұмыстары жүргізіліп, нысанның жұмысы толық іске қосылуда.

Jas qazaq: «Интернетті қайтесің екенбіз?» деп отырған ата-аналар 11 базалық стансаның қай жерлерге орнатылатынын білгісі келеді.

Д.Әлібеков: Қала аумағынан 11 жер телімі анықталып, Google maps картасында белгіленген. Олар Н.Назарбаев даңғылы, Арғынбеков пен Айша бибі көшесінде, Қайтпас, Шымсити-Асар қиылысы, Қайнарбулақ шағынауданы, Асар шағынауданындағы ішкі айналма жолы, Шымкент-Алматы тасжолынан Достық шағынауданы бағытына қарай, Төлеметов-Өтегенов көшелерінің қиылысына қойылады деп жоспарлануда.

Jas qazaq: Қала шетінде оқитын оқушыларға интернет қаншалықты қолжетімді болмақ?

Д.Әлібеков: Бұл мәселе қала әкімінің қатаң бақылауында. Қаладағы шалғай тұрғын алаптарды қысқа мерзімде сапалы интернетпен қамту үшін сымсыз интернетпен қамтамасыз ету шаралары қабылданауда. Жеке инвесторларды тарту есебінен антенна-мачталық құрылыстар салынады және ол жерге базалық стансалар орнатылады. Базалық станса орнату мүмкіндігі болмаған жағдайда базалық стансаның қамту аймағын ұлғайту (модернизация) жұмыстары жүргізіледі.

Қала аумағындағы 105 шағынаудан мен тұрғын алаптары интернет желісімен қамтамасыз етілген. Оның ішінде мобильді интернетке – 74, сымды интернетке – 79, талшықты-оптикалық байланыс арнасына 49 шағынаудан қол жеткізген.

Бүгінде интернет желісіне қатынау мүмкіндігі бар үй шаруашылықтарының үлесі 90,7 пайызды құрайды. Оның ішінде 98,5%-ы мобильді кен жолақты байланысқа, ал 21,8% сымды кен жолақты байланысқа қосылған. Ал

«Адамдардың орнына «мәліметтер» жүгіруі» керек. Барлық құжаттар электронды түрде берілуі керек. «Мәліметтермен» жұмыс жаңа

интернет желісін пайдаланушылар үлесі 80 пайызды, тіркелген интернет абоненттерінің саны 75,5 пайызды құрайды. Бұдан бөлек, 20 шағынауданда интернет желісі, ал 16 тұрғын алапта мобильді интернет сапасы нашар екенін де атап өтуге тиіспіз.

Jas qazaq: Ерте көктемде қала әкімі Мұрат Әйтенов жылдамдығы төмен аймақтарды 100 пайыз жылдамдығы жоғары интернет желісімен қамтамасыз етуді тапсырған болатын. «Шаһардың әрбір тұрғыны сапалы интернетке қол жеткізуі керек. Қазір мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі интернет арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан сапасы төмен елді

мамандарынан құрылған жұмысшы топтың талдауы бойынша қаладағы интернет сапасы төмен аймақтар анықталып, нәтижесінде қала



«ШЫМКЕНТ – ЦИФРЛЫ ҚАЛА»



бойынша қосымша 43 жерге базалық стансалар орнату туралы алдын ала жол картасы әзірленді. Дегенмен, аталған 43 орын бойынша қазіргі таңда Шымкент қаласындағы байланыс операторларымен бірлесіп, нақты



мекендерге көңіл бөліп, 5G жылдам интернет желісін қолға алуымыз керек» деген еді. Шымкенттегі ұялы байланыс нашар аймақтарды анықтау бойынша министрлікпен жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі қандай?

Д.Әлібеков: Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің тиісті

жағдайға талдаулар жасалуда. Талдау жұмыстарының нәтижесі байланыс операторларымен келісіліп, қыркүйек-қазан айларында қосымша базалық стансалар орнатылады немесе белгіленген тәртіптердегі модернизациялау жұмыстары жүргізілетін болады.

Jas qazaq: Шымкент қаласы онлайн оқуға қаншалықты дайын?

Д.Әлібеков: Мектептер Bilim land – Onlinemektep.orgq интернет платформасында қашықтан оқытуға толығымен дайын. Білім мекемелері

Жобадан екі виртуалды ақпараттандырушы қызмет көрсетеді. Біріншісі – қаланың географиялық жағдайы туралы жол көрсетуші виртуалды гид болса, екіншісі – сол нысанның немесе тұлғаның (ескерткіштің) тарихын, я өмірбаянын айтатын видеобаяндамашы.

Қаладағы 103 қоғамдық орында QR-кодты бар 830 арнайы белгі орнатылады. Атап айтқанда, кинотеатрлар, сауда үйлері, саябақтар, автобустар, қонақүйлер мен қоғамдық орындар тандалған.

Қазіргі таңда жобаны іске қосушы компаниямен келісімшартқа сәйкес жұмыстар атқарылып жатыр.

Одан кейін 2-ГИС жобасы. Бұл жоба бұрыннан бар. Тек толықтырулар енгізіліп, жетілдірілу үстінде. Жобаның мақсаты – қоғамдық көліктер қозғалысын онлайн режимде бақылау. Қазіргі таңда қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тарапынан GPS деректері сұратылуда. Аталған деректер дайын болған соң, жоба толық іске қосылады.

Тру-Конф жобасы. Мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің уақытын мейлінше үнемді пайдалану және денсаулығын сақтау үшін, оларды жұмыс орнынан қозғалтпай жиналыстар ұйымдастыру.

Тамыз айының соңында «HR-PROCESS» – педагог кадрларды іріктеудің жаңа жүйесі енгізілді. HR-Process автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі педагогикалық бос орынға өтініш беру және өңдеу барысын автоматтандыруға, үміткерлер мен бос орындардың деректер қорын құруға, сонымен қатар заманауи ақпараттық технологияларды қолдану негізінде педагогикалық құрамды іріктеу процесінің тиімділігін арттыруға арналған.

Бүгінде www.hr-process.kz сайтында педагогтар мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша 137 білім беру ұйымы тіркелген. Қазір 78 бос жұмыс орны бар.



«әмбебап-нөмірлер» және қажетті роутерлер берілуде.

Қаладағы жалпы 30 колледжде қашықтан оқыту Smart Nation College интернет платформасында басталады. Білім беру процесі кезінде педагогикалық, IT, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттардағы мамандықтар қашықтықтан оқытылады.

Jas qazaq: Үйге интернет орнатарда қандай байланыс операторының көмегіне жүгінген жөн?

Д.Әлібеков: Шымкент қаласында желілі (кабель арқылы) интернет орнатумен «Қазактелеком», «Транстелеком» және «Картел» компаниялары айналысады. Үш оператордың да қызмет көрсету сапасы жақсы.

Jas qazaq: Басқарма тарапынан атқарылып жатқан өзге де жобаларға тоқталсаңыз.

Д.Әлібеков: Биыл біз бірнеше жобаның тұсауын кеспекпіз. Оның біріншісі, AR-shymkent – виртуалды шындық. Жобаның мақсаты – туризм саласын цифрландыра отырып, идеологиялық, ақпараттық-танымды дәстүрлі жарнамалық шығындарды азайту, заманауи технологияларды қолданудың кері байланыстағы рөлін насихаттау болып табылады.

AR-shymkent QR-кодының көмегімен туристер өз смартфондарына Шымкенттегі тарихи ескерткіштердің тарихы, жай-күйі туралы ақпарат ала алады. AR-shymkent аудио, видео, фотоақпараттарды интерактивті нысанда және 3D нысанда көруге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Шымкентте барлық саланы автоматтандыру және цифрландыру бойынша бірқатар жұмыстар жүргізудеміз. Осы сайттың арқасында оқытушы лауазымына үміткерлер онлайн режимде жұмыс таба алады. Педагогикалық құрамды іріктеуді автоматтандырудың мақсаты мен артықшылығы үміткерді таңдауда меритократия, жариялық және айқындық қағидаларын сақтау болып табылады.

Жүйе конкурстық әдіске негізделген. Арнайы комиссия құрамына білім беру мекемелерінің директоры, пән мұғалімдері, психолог кіреді. Әлеуметтік желілерде конкурстық комиссия отырысының онлайн көрсетілімі жүргізіледі. Байқаудың барлық нәтижесі сайтта жарияланатын болады.

Бір сөзбен, бұл жоба – педагогикалық қызметке үздік кадрларды іріктеп алуға, жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Jas qazaq: Қауырт жұмыс арасында уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Мәрия АЙТБАЙ



ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын мұқият тыңдадым. Бұл Жолдауда өліміз үшін аса маңызды мәселелер қамтылды. Мен екі негізгі бағытты қолдаймын. Оның бірі – мемлекеттік қызметкерлерді 25 пайызға дейін қысқарту. Өзім мемлекеттік қызметте 25 жылдан астам тәжірибесі бар маманмын. Айта кететінім, ол жерде бір адам жұмыс істейтін болса, екі адам бос жүреді. Осындай мысал өте көп. Бүгінде Атырау облысы бойынша мемлекеттік қызметкерлерді жұмысқа қабылдайтын комиссияның мүшесімін. Сол үшін айтып отырмын.

Атырау облысы бойынша білім баскармасына маман керек болып, үміткерлермен онлайн сұхбат өткіздік. Сол кезде Қарағанды облысынан бір үміткермен сұхбаттастым. Жоғары білімді, магистратураны бітірген. Бірақ бұл салада жұмыс тәжірибесі жоқ. Менің ойымша, қандай сала болсын, ең алдымен, сол салада тәжірибесі бар маман болуы керек. Екінші баса назар аударатын сала – білім саласы. Президентіміз «Балаларымыз білімді де, білікті болуы керек» деді. Әр министр келген сайын жана реформа. Одан кейін бізде министр болған азаматтар өмірінде бір сағат мектепте сабақ беріп көрмегендер. Егер мен сол саланы меңгермесем, тәжірибем болмаса, онда оған бармас едім. Мысалы, маған гинеколог бол десе, қалай боламын? Ол саланы білмесем, қалай жұмыс істеймін? Осындай мысалдар өте көп. Мұғалімдердің мәртебесін өсіреміз. Айлығын 25 пайызға көтереміз деп жатыр. Бұл өте дұрыс мәселе. Жастарымыз да осы мамандыққа қарай бет бұра бастайды. Осыған дейін оқуға түспей қалған немесе балы жетпей қалғандар ұстаздық мамандыққа келе салатын. Олардан сапалы маман шығады деп ойламаймын.

Жоғары оқу орындары диплом таратумен айналыспауы керек деген мәселе қозғалды. Бұл да өте өзекті. Еліміздің болашағы сапалы мамандардың қолында. Мысалы, Атырау облысының жастары көбінесе мұнайшы болғысы келеді. Осы саланы таңдайды. Тіпті өзі қаламаса да, ата-анасының айтқаны бойынша мұнайшы болуы керек. Өйткені бұл саланың айлығы жоғары. Байқағаным, қазіргі жастар 100 мың тенге айлығы бар жұмысты істегісі келмейді. Мал дәрігерлік, ауыл шаруашылығы мамандығына ешкім түспейді. Өйткені айлығы аз. Сондықтан Жолдауда көтерілген әрбір мәселе біздің еліміз үшін өте маңызды. Алға қойылған жоспар орындалуы керек.

Ерболат ДӘУЛЕТКАЗИЕВ,
Қазақстан Коммунистік халық партиясының Атырау облыстық филиалының бірінші хатшысы



АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ!

Президенттің Жолдауы – бүгінгі күннің ең маңызды әрі саяси оқиғасы. Бұл құжаттың міндеті – уақыттан озып, қоғам мен азаматтардың қажеттіліктеріне жауап беру, болашақты бағдарлау.

Жолдауда ең өзекті және бірінші кезектегі мәселелер мен оларға жауап көрсетілген. Мен үшін қоғамдық-саяси саладағы сауалдарға жауап беру маңызды. Сондай-ақ бұл салада айтарлықтай он өзгерістер қамтылған. Елдің саяси тарихында алғаш рет адам құқығын қорғау мәселесі айқын көтерілді. Саяси лексикада адам құқықтары ең биік тұғырға қойылған. Адам құқығы – мемлекет үшін ең жоғары құндылық! Құқық қорғау жүйесін реформалау қоғам мен үкімет арасындағы сенімді диалогтың басты элементі екенін атап өтті.

Президентіміз құқық қорғау жүйесі – азаматтардың әділеттілік пен теңдікке деген сұранысын қанағаттандыруы керек екенін алға тартты. Заң мен әділет әдепкі қалпы бойынша қамтамасыз етілуі керек. Осы саланы реформалау туралы нақты және дұрыс шешім қабылдап жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы біздің азаматтардың құқығы мен бостандығы мемлекеттің басты элементі мен құндылығы саналатын кезеңге бет алғанымызды айқын көрсетеді. Елде адам құқықтарын сақтаудың халықаралық талабы енгізілуде.

Сонымен қатар ауыл әкімдерін сайлауға көшіп жатқандығы туралы да айтылды. Тұрғындар ауыл әкімдерін тікелей өздері таңдайды. Осы ретте жергілікті мәслихаттардың рөлі мен орны өсуде. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жана тұжырымдамасы жасалады. Біз демократияның тікелей талаптарын енгізіп жатырмыз. Менің ойымша, келесі қадам – басқа деңгейде (*аудандық, облыстық*) билікті қалыптастыру қағидаттарын өзгерту.

Мемлекеттік аппарат 25 пайызға қысқарады. Мемлекеттік қызметкерлерді қысқарту арқылы олардың жалақысы өседі.

Мұнай және басқа минералдық ресурстар дәуірі аяқталуға жақын. Экономиканы әртараптандыру бойынша ауқымды жұмыс қабылданатын болады. Экономикадағы ұсынылған әдіс экономикамыздың «голландиялық дертінен» арылуға көмектеседі. Бұл аспект елдің прогрессивті дамуының маңызды шарты. Президентіміздің Жолдауы елдің саяси қайта құру процесінде маңызды оқиға болды.

Ерлан САЙЫРОВ,
Еуразия интеграциялық институтының директоры



Шағын және орта бизнес

Ақмола облысының Астрахан ауданында өңірлік кәсіпкерлікті дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған картасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік қозғалысы белсенді сипат алууда. Салыстырып қарайтын болсақ, бүгінгі күні 1285 нысан тұрақты жұмыс істеп тұр. Бұл көрсеткіш бұрнағы жылмен салыстырғанда 125 нысанға өсіп, 110,8 пайызға жетіп отыр. Жалпы, заңды тіркелген нысандардың 86,4 пайызы шағын және орта кәсіпкерліктің өншісінде екендігі мемлекеттік қолдаудың мақсаткерлікпен жүргізіліп отырғандығын анық аңғартады.

НӘСІПТІҢ КӨЗІ – КӘСІПТЕ

Ел ішінде елеулі жұмыстардың бар екендігі, жана жұмыс орындарының ашылуы, шағын және орта кәсіпкерліктің қанат жаюы берекеге бастайтыны сөзсіз. Астрахан аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қайыр Жұмақаевтың айтуына қарағанда, жана бизнес жоспарлар негізінде, аудандық үйлестіру комиссиясы 7 ауылдық округте дөріхана, 10 ауылда шаштараз, жетеуінде қоғамдық монша, 3 ауылда наубайхана ашу жоспарын бекітті.

Сондай-ақ ауданда елді мекендерді көлік қатынасымен қамту мәселесі де оң шешімін тауып келеді. Мұның өзі тұрғындар тарапынан оң бағасын алып отыр.

Алға ұмтылған осы қадам күнделікті тіршіліктің барлық салаларын қамтып отырғаны жергілікті билік тарапынан қолдау тауып отыр. Солардың ішінен жүн, тері сияқты шикізат дайындау пункттерін, жылыжай құрылысын, азық-түлік дайындау цехтары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу цехтарын, сүт пен ет сатып алу орындарын, тауарлы-сүт фермаларын, сән салондарын, жол бойының сервистік нысандарын, аңшылық және балық өсіру өндірісін, тұрмыстық қалдықтарды өңдеу ұжымдарын атап өтуге болады. Бұған қоса, сауда, жолаушы және көлік тасымалы қызметіне сұраныс арта түсуде. Аталған санаттағылардың қатарына 145 адамның қосылуы тұрғындардың табысы артып, өмір сүру сапасының өскендігін көрсетеді.

Өңірдегі ірі жобалар қатарында «Астрахан құс» агроөнеркәсіптік кәсіпорны, «Острогорское» және Aina Resources жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері бар. Осы орайда, аталған ұжымдарға өндірістік сипаттама бере кетсек дейміз. «Астрахан құс» АӨК» Новочеркасск селосында «Жылдық қуаты 3000 тонналық құс фабрикасын салу» инвестициялық жобасын жүзеге асырды. Жобаның жалпы құны 500 миллион теңгені



құрайды. Кәсіпорын «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша (*пайыздық мөлшерлемені субсидиялау*) екі траншпен 346 миллион теңге несие алған. Мемлекет тарапынан қолдаудың нәтижесінде кәсіпорын осы заманғы инкубатор, бройлер балапандарын өсіруге арналған екі корпус, құрама жем және ет дайындау цехын пайдалануға берсе, бүгінгі күні үшінші бройлер корпусы мен әкімшілік ғимараты салынды. Жана фабрика алғашқы сегіз айда 802,6 миллион теңгенің құс етін дайындады.

Биыл «Острогорское» ЖШС Новый Колутон селосында құны 1525,5 миллион теңгелік «Жалпы саны 3000 бастық аналық ірі кара мал өсіру» инвестициялық жобасын іске асырды. Мұның 1293,2 миллион теңгесі — несие. Кәсіпорын Америка мен Канададан асыл тұқымды «Герфорд» құнажындарын сатып алған. Бүгінгі талап деңгейіндегі қоралар мен ашық алаң салынып, жана жұмыс орындары құрылды. Серіктестік былтырғы жылдың он айында өздерінде бордақыланған 582 асыл тұқымды ірі қараны сатуға шығарды. Бұдан түскен кіріс 138,4 миллион теңгені құрап отыр.

Астрахандағы Aina Resources кәсіпорны Акбейіт ауылында құрамында алтыны бар руда өндіру фабрикасын салуды жоспарлауда. Мұнда жылына 322,2 килограмм алтын қоспасы шығарылады деп көзделуде. Жоба 2019-2021 жылдар аралығында іске асырылады.

Қайырымдылық

Осыдан 10 жыл бұрын Ақмола облысының Біржан сал ауданына қарасты Макин орта мектебінде «Еңбек десанты» атты тимүршілер қозғалысы жанданған кезде, еріктілер клубын құру идеясы пайда болған еді. Бұл жаңалықты мектеп мұғалімдері, оқушылар мен ата-аналар қолдап, еріктілер қозғалысын құруды мақұлдады. Осылайша, оңды іс оңынан оралып, білім ошағы жанынан оқушылар бірлестігі құрылды.

Бірлестіктің басты мақсаты — қоғамда адамгершілік қасиеттерді насихаттау, көмекке мұқтаж адамдарға қол



ұшын беру. Еріктілер өмірді жақсартуға деген ұмтылыс пен жауапкершілікті, белсенді өмірлік ұстанымды басты назарға қояды.

«Мейірімді жүрек» еріктілер клубының құрамында жоғары сыныптарда оқитын 15-тен астам ерікті оқушы бар. Олардың қатары жыл санап толыға түсуде. Еріктілер клубының көшбасшысы 10-сынып оқушысы — Абылай Қасымов.

«Біз біргеміз, мықтымыз, жеңілмейміз!» деген ұранмен жүретін клуб мүшелері адамгершілік пен азаматтылық, мейірімділік пен адалдық, әділдік пен жанашырлық секілді құндылықтарды дәріптейді. Клубтың жұмысы жыл бойына жасалған ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес, өмірдің барлық салаларын қамтиды. Бұл салауатты өмір салтын насихаттау, қылмыстың алдын алу, есірткі және психоактивті заттарды жасөспірімдер мен жастардың пайдалануына жол бермеу,

жасөспірімдер мен жастардың толыққанды бос уақытын ұйымдастыру, мектептің, ауылдың, ауданның қоғамдық іс-шараларына қатысу, қарт адамдар, мүгедектер, ардагерлер, көпбалалы отбасыларымен тақырыптық кездесу өткізу.

Өткен жана жыл қарсаңында мектеп еріктілері жалғыз басты зейнеткер Валентина Демидкоға көмек көрсетті. Зейнеткер ауыл шетінде тұрады. Қыста ол жақты қалың қар басып қалады. Балалар үйдің маңын қардан тазартып, зейнеткерге Instagram әлеуметтік желісін орнатуға көмектесті. Кейуана балаларға көрсеткен көмектері үшін шынайы алғысын білдірді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Нина Скарюкина да назардан тыс қалмайды. Оқушылар ардагерге үнемі көмектесіп отырады. Қарттар

күнінде және жеңіс мерекесінде құттықтап, мектепте өтетін концертке шақырады. Еріктілер кейуанаға ауланы коқыстан және құрғақ шөптерден тазартуға көмектесіп, су, азық-түлік әкеліп береді. Жұмысты аяқтағаннан кейін соғыстың қиын кезеңдері туралы әңгімесін тыңдайды.

Сонымен қатар оқушылар мұғалім ардагерлерге қолдан құттықтау ашық хаттарын жасайды. Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру баскармасының Біржан сал аудандық «Мейірім» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы қарттар мен мүгедектерге арнап концерт қояды. «Мейірімді жүрек» клубына көмектесіп жүр.

Еріктілер үшін марапат пен атақ емес, адамдардың қошеметі маңызды. Бұл адамдарға қуаныш сыйлайтын, басқаларға жақсылық жасауға шақыратын қозғалыс болып есептеледі. Жуырда Ақмола облыстық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы «Балалар мен жасөспірімдер қозғалысын және еріктілер қозғалысын дамыту» әлеуметтік жобасын іске асыру аясында «Мен ерікті болған күн» тақырыбында эссе жазу байқауын ұйымдастырған болатын. Оған мектеп еріктілерінен екі оқушы қатысты. Сайыс қорытындысы бойынша Сәбина Тастенбекова 1-орынды иеленіп, бойлом мен бағалы сыйлық алды. Жасмин Тәшімова «Ой қозғаушы» номинациясында жеңіске жетті.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

6


SERPIN

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ - уран, сирек металдар, атом электр стансаларына арналған ядролық отын импорты мен экспорты бойынша ұлттық оператор болып табылады. Айта кеткен жөн, 2009 жылдан бері еліміз табиғи уран өндіру бойынша әлемдік көшбасшы. Ұлттық атом компаниясының активтері геологиялық барлау, уран өндіру, ядролық отын циклының өнімдерін өндіруден бастап, ғылым, әлеуметтік қамтамасыз ету және маман даярлауға дейінгі түпкі өнім өндіру тізбегіне қатысатын кәсіпорындар кешенін қамтиды. Еске түсірсек, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының портфельдік компанияларын трансформациялау бағдарламасына «Қазатомөнеркәсіп» 2015 жылы «екінші толқынмен» келіп қосылды. Трансформациялау бағдарламасы техникалық және технологиялық жабдықталу бойынша компанияның бүгінгі күннің өзінде-ақ халықаралық уран өндіруші озық компаниялармен бір қатарға тұруына мүмкіндік береді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ HR және трансформация жөніндегі бас директоры Бексұлтан Бекмұратовпен сұхбатымыз компания қызметіндегі заманауи үрдістер мен жаңашыл бағыттар төңірегінде өрбіді.

Jas qazaq: Осыдан 5 жыл бұрын компанияда Трансформациялау бағдарламасы басталған болатын. Әңгімені осы бағдарлама аясындағы өзгерістерден бастасaq.

Б.Бекмұратов: Бес жыл бұрын қолға алынған Трансформациялау бағдарламасы «Самұрық-Қазына» қорының барлық қоржындық компаниялары үшін сын болып отыр. Мұның «Қазатомөнеркәсіпке» де қатысы бар. Бағдарлама басталғанға дейін де компания тоқтаусыз жұмыс істеп, стратегиялық міндеттерін орындап жүрсе де, операциялық қызметті түбегейлі өзгерту мен көптеген мәселелерді жүйеге келтірудің қажеттігі айқын байкалып тұратын. Компанияда өзара ішкі ықпалдастықты құру керек болды. Тарихи тұрғыдан алғанда, бағдарлама үш негізгі бағыт — адамдар, процестер және технологиялар бойынша жүзеге асырылды. Кейінірек, шамамен бір жыл бұрын, біз бұл бағыттарды цифрландыруға қостық. Біз өзгерістердің циклдық және салыстырмалы түрде, әсіресе, адамдар үшін күрделі екенін түсіндік. Статистикаға сәйкес, трансформация процесіндегі сәтсіздік себептерінің бірі саналатын өзгерістерге қарсылық ең маңызды бестікке енеді. Қарсылықты азайту мәселесін шешу біз басып өткен жолда бәрінен маңызды болғаны сондықтан. Енді,



міне, арада 5 жыл өткенде біз бүкіл компанияның бірлескен күш-жігерінің арқасында өзгерістер рухын дамыту мен тоқырауды болдырмау үшін толық жағдай жасалдық.

Цифрландыру Трансформация бағдарламасының басында жасалған өзгерістердің табиғи нәтижесі болды. Өзгерістер барысында деректерді басқару және талдау сияқты жаңа қызмет бағыттары пайда болды. Біз әдіснамамен, архитектурамен және деректерді талдаумен байланысты мәселелермен айналысатын дербес бөлімше құрдық. Биыл компанияда басымдыққа ие 8 даму бағыты белгіленген болса, солардың бірі — деректердің сапасы. Жаңа бағыттардың пайда болуы жаңа цифрлық нақтылықта стратегиялық даму үшін деректерді басқарудың маңыздылығын көрсетеді.

Jas qazaq: Трансформация және цифрландыру аясында «Қазатомөнеркәсіпте» қандай ірі жобалар жүзеге асырылды? Олардың пайдасы қандай?

Б.Бекмұратов: Компанияда операциялық қызмет процестерін есепке алудың бірыңғай ашық жүйесі — SAP ERP құрылды. Қазіргі уақытта жүйе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның 9 кәсіпорнында жұмыс істеп тұр.

Жоспарлауға көзқарас өзгерді: барлық еншілес кәсіпорындардан келіп түсетін жоспарлау жөніндегі деректерді өңдеуді барынша автоматтандыруға және орта мерзімді жоспарлаудың сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жоспарлаудың интеграцияланған жүйесін енгізу іс жүзінде аяқталды.

Пилоттық кәсіпорында өндірістік пайдалануға тау-кен геологиялық ақпараттық жүйесі іске қосылды. Ол блоктар мен ұңғымалар бөлінісінде өндіруді жедел есепке алу және жоспарлау мәселелерін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Өткен жылдың басында біздің АТ саласындағы еншілес кәсіпорнымыз — «KAP Technology» ЖШС өз мамандарының күшімен eKAP ақпараттық жүйесін жасап, соның базасында ішкі процесс міндеттерінің пулын автоматтандырдық. Жүйе жұмысы Корда жоғары бағаланып, бірқатар портфельдік компанияларға таратылды.

Осы eKAP базасында «Қазатомөнеркәсіп» идеялар ұсынуға арналған алаң — Идеялар банкіні ашты. Оны компанияның кез келген қызметкері толықтыра алады. Әрбір ұсынылған идея мұқият сараланып, зерттелді және қабылданған жағдайда жүзеге асырылатын болады. Біз қазір сапалы өзгерістер саясатын іске асыруға белсенді қатысқан қызметкерлерді ынталандыру мәселесін пысықтап жатырмыз.

Сарапшылардың бірлескен тобының көмегімен компанияның процестерін қайта қарап шығып, өндірістен бастап сатуға дейінгі 14

мақсатты модельді енгізгенімізді мақтан етемін.

Jas qazaq: Компания бүгінде цифрландыруды дамытудың қандай болашағын байқап отыр?

етілгендіктен, қашықтан жұмыс істеуге ауысу ешқандай ауыртпалық тудырған жоқ. Барлық қызметкерлерге қысқа мерзімде үйден үздіксіз жұмысты ұйымдастыру үшін дербес компьютеріндегі жаңа параметрлер туралы нақты түсініктемелер берілді. Алдын ала орнатылған және бұрын қолданылған қашықтан байланыс бағдарламалары, бөлімшелер арасындағы және ішіндегі байланысқа әсер еткен жоқ. Біз санаулы күндер ішінде қызметкерлерге таныс енбекті ұйымдастыруды толығымен қалпына келтірдік. Қордың бағалауы бойынша, кейбір міндеттер әлдеқайда тиімді орындала басталы — жиналыстар аз уақыт алып, келіссөздерге кететін уақыт та барынша қысқарды. Ал ақпарат алмасу сапасы бірнеше есе өсті.

Компания ішіндегі АТ қызметі де өз қызметін тез үйлестіргеніне айрықша тоқталғым келеді. Қазір компания қызметкерлері қызмет көрсету туралы өтініштерін бұрынғыдай өзіне-өзі қызмет көрсету порталы арқылы тіркейді, ал барлық өтініштер қашықтан өңделеді.

Қашықтан жұмыс істеуге көшу кезінде

ЦИФРЛЫҚ ЖОБАЛАР УРАН ӨНДІРІСІН ӨРКЕНДЕТТІ

Б.Бекмұратов: «Қазатомөнеркәсіп» цифрландыруға ерекше мән береді. Өткен жылы біз 2028 жылға дейінгі Цифрландыру стратегиясын бекіттік. Ол стратегиялық мақсаттарға жету үшін цифрлық технологиялардың рөлін анықтайды. Құжатта екі стратегиялық міндет қойылған: цифрландыру үшін іргетас құру және тікелей цифрландырудың өзі. Іргетас дегенде біз деректерді басқарудың, оларды сақтау мен өңдеудің бірыңғай тәсілдерін құруды түсінеміз. Сапалы, таза деректерсіз цифрландырудың өзі де мүмкін емес!

Сонымен қатар, өндірістік процестерді жақсарту үшін цифрлық экожүйені құрып жатырмыз. Өрине, кез келген цифрлық бастама құндылықты қалыптастыруы және оны қолдану нәтижесі өлшенуі керек. Цифрландыру стратегиясының негізгі қағидаттары да осы. Біз клиенттерімізбен өзара әрекеттесу процестеріне,

біз киберқауіпсіздікке ерекше назар аударғанымызды атап өткім келеді. Әрбір қызметкер қорғалған байланыс арналары арқылы корпоративтік желіге қосылады және содан кейін ғана бүкіл корпоративтік АТ инфрақұрылымына қол жеткізеді.

Біз компания қызметкерлерінің өзара ықпалдасуын қолданыстағы инфрақұрылым негізінде ешқандай ауыртпалықсыз құрдық. Жиналыстар, семинарлар мен оқытуды қосымша ресурстарды тартпай-ақ, үнемі қашықтан өткіземіз. Бұл, өрине, компаниядағы ақпараттық технологиялардың жоғары деңгейін аңғартады.

Jas qazaq: Жақын болашақта тағы қандай технологиялық шешімдерді енгізуді жоспарлап отырсыздар?

Б.Бекмұратов: Қазір біздің кәсіпорындарымызда өндірістік процестерді жетілдіруге бағытталған бірқатар цифрлық жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі — техникалық қызмет көрсету және жөндеу саласындағы қызметкерлерге арналған «Ақылды қасқалар» пилоттық жобасы. Біз жобаны «Инкай» БК» ЖШС еншілес кәсіпорны негізінде жүзеге асырамыз. Түсінікті болуы үшін айтсам, «Ақылды қасқа» дегеніміз — стандартты қорғаныс қаскасына арнайы бекітілген кеңейтілген нақтылық көзiлдiрiгi бар электронды планшет. Мұндай қасқа өнеркәсіптік нысандардағы жұмысты ұйымдастыруға арналған. Қаскада бейнекамера, микрофоны бар динамик және планшеттен ақпаратты көруге арналған экран, сондай-ақ шуды азайту функциясы бар. Біз жоба шешім қабылдау жылдамдығын, енбек өнімділігін, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау деңгейін арттырады, сондай-ақ жабдықтар мен материалдарды түгендеу уақытын қысқартады деп санаймыз.

Тағы бір қызықты жобамыз — VR-көзiлдiрiктi қолдану, оны бiз «Семiзбай-У» ЖШС еншілес кәсіпорнында іске асырамыз. Виртуалды нақтылықтағы VR технологиясының көмегімен өндірістік процестерді зерттеу, сорғы және магистральдық жабдықты жөндеуді модельдеу, өндірістегі қауіпті жерлерді көрсету, өрт дабылы режимін модельдеу және тағы басқалар сияқты бағыттар бойынша оқыту жүргізіледі.

Сондай бір келесі жаңалығымыз — «Көктайғақ» жүктемелерді

салдарынан әуе желісінің үзілуіне байланысты электр энергиясын берудегі іркілістер мәселесі шешіледі. Бұл маңызды, өйткені жабдықты жиі өшіру оның өмірлік циклын азайтады.

Компания үшін айтарлықтай сапалы және қаржылық пайда әкелуі мүмкін тағы бір бағыт — үлкен деректер мен жасанды интеллект технологияларын дамыту. Бүгінгі күні компанияда пилоттық режимде жоғарыда аталған технологияларды және тарихи деректердің жинақталған массивтерін пайдалана отырып, уранды барлау, өндіру және қайта өңдеу процестерінде операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған бірнеше бастамалар пысықталуда. Біз осы технологияларды қолдану операциялық шығындарды азайту арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге және сол арқылы өнімдеріміздің қосымша құнын арттыруға мүмкіндік береді деп санаймыз. Үлкен деректер мен жасанды интеллект — кезекті бір тренд емес, нарықта компания үшін сапалы жаңа бәсекелестік артықшылықты құрудың нақты мүмкіндігі.

Өрине, біз жаңа технологиялармен бірге жаңа сұраныстар мен жаңа идеялар келетінін түсінеміз. Қызметкерлер Идеялар банкі арқылы қызықты ойларын ұсынар болса, ол міндетті түрде қаралады. Қызметкерлердің ұсыныстары арқасында біз жақын арада басқа да жаңалықтарды енгізетін боламыз. Мысалы, қазір біз «Қағазсыз ҚАӨ» бастамасын іске асырып, алдымызға өршіл мақсат — қағаз тұтынуды 90%-ға қысқарту міндетін қоямыз. Шын мәнінде, ақпараттық технологиялар мұны жасауға — бір-бірімізбен өзара әрекеттесуді жеңілдетіп, қағазсыз құжат айналымына көшуге мүмкіндік береді.

Jas qazaq: Бұған дейін SAP ERP және интеграцияланған жоспарлау жүйесі сияқты жобаларды айтып өттіңіз. Осы бағыттардағы жұмыстарға тоқталсаңыз.

Б.Бекмұратов: SAP ERP — кәсіпорынның ресурстарын басқару жүйесі. Ол қаржылық және басқарушылық есептің, қызметкерлерді басқарудың, компанияның жедел қызметі мен қызмет көрсету қызметтерінің барлық салаларын қамтиды. Менінше, жүйенің басты тиімділігі — басшы үшін компанияның ашықтығы. SAP ERP енгізу IPO-да компанияның құнын арттыруға ықпал ететіні де маңызды.

SAP ERP енгізу шеңберінде SAP MDG мастер-деректерді басқару функционалы іске асырылғанын атап өткім келеді. Компанияның деректерді түсіну мен қолдануда жетілуінің артуымен SAP ERP бірыңғай ландшафтынан SAP MDG «шығару» туралы шешім қабылданды. Бұл деректерді сапалы басқару, «алтын жазбаларды» құру, шешімді КР МКК және «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС дерекқорларымен интеграциялау және SAP емес жүйедегі мастер-деректер анықтамалықтарын кенейту мүмкіндігі бөлігінде функционалды дамыту қажеттілігімен негізделген. Іске асыру нәтижесінде біз мастер-деректерді басқарудың қуатты және заманауи құралын аламыз, бұл консистенциялы және ең сенімді деректерді алуға мүмкіндік береді.

Интеграцияланған жоспарлау жүйесі — өндірістік бағдарламалар мен кәсіпорындардың бюджеттерінің ең жақсы нұсқасын тандауға, қызметтің негізгі көрсеткіштерінің мақсатты мәндерін белгілеуге, сондай-ақ инвестициялық жобалардың қаржылық-экономикалық модельдерін есептеуге арналған қызметті модельдеу құралы.

Jas qazaq: «Қазатомөнеркәсіптің» SAP енгізу жобасы марапатқа ие болды. Сәтті енгізілген жобаларды көрген көптеген компаниялар бүгінде цифрландыру жолын таңдап жатыр, алайда бұл онайға түспейді, әрі арзан да емес. Бұл компаниялар неден бастауы және неден аулақ болу керек?

Б.Бекмұратов: Иә, біз енгізген SAP ERP зияткерлік платформасының жобасы жыл сайынғы SAP Value Award сыйлығының лауреаты



болғанын мақтан тұтамыз. Менің ойымша, бұл лайықты баға, өйткені компаниямыз Трансформация бағдарламасы аясында жүйені алғашқылардың бірі болып енгізді. Ал периметрдегі соңғы кәсіпорындардың бірінде біз жүйені рекордтық мерзімде — небәрі 9 айда енгіздік!

Өз қызметін трансформациялауды жаңа бастағандарға айтар кеңесім — стресске дайын болыңдар. Шын мәнінде, ауқымды өзгерістерді енгізудегі ең қиыны — өзгерістерді әуелі қызметкерлердің санасына жеткізу. Адамдарды өзгерістерге тартудан бастау керек. Өйткені кез келген жаңа жобаны енгізу — әдеттегіден өзгеше және жиі қарсылық, кейде ашық наразылық тудыратын қосымша жұмыс. Бірақ адамдар енгізіліп жатқан инновациялар бизнес үшін пайдалы және қызметкерлердің өмірін жеңілдететінін үйреніп, түсінген кезде қарсылық деңгейі төмендейді. Бастысы — алға қойған мақсаттардан ауытқымау.

Көпшілік материалдық және адами ресурстарын бағалап алмастан Трансформация бағдарламасын бастап жатады. Өзгерістер өркімге және барлығына қатысты екенін бірден түсінген абзал және бұл идеяны өзгерістерге негізгі тапсырыс берушілер — топ-көшбасшылар таратуы керек. Сонда олар барлық өзгерістердің тірегі мен қолдауына айналады, оларды тыңдайды және олар көрсеткен жолмен жүреді. Өкінішке қарай, формальды өзгерістер сәтсіздікке ұшырайды. Нақты мақсаттар, барлық мүдделі тұлғалармен сапалы және ойландырылған қарым-қатынас және көшбасшылық дәйектілігі — табысқа жетудің басты өлшемдері!

Талан ТЛЛЕГЕН



болды. Жылы жүзді, елгезек, жампоз жігіт талапшыл ұжымға анық сөзімен де, атқарған ісімен де, сылқ-сылқ күлкісімен де ұнады. Қазан-ошақтың қасында жүрсе де, ешқашан қаспақ дәметпеді, жас акын болса да, өз

1973

жылдан көз алдымда болған Асқардың жаратылысына әбден қанық едім. Ол мемлекеттік университетіміздің журналшылар факультетін тәмамдар жылында «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясында екі ай шамасы практикалық жұмыста, мен менгеріп отырған сын бөлімінде

кезекті еңбек демалысымда жүрген жерімнен шақыртып алып, екеуі дізеге салып отырып, Әдеби қорға директор болуға көндірді. «Ақша жүрген жакка аяқ баскым келмейді, арифметиканың төрт амалынан баска математикаға жокпын, кинаманыздаршы!» дегеніме Ілекеннің: «Қатты болса менше екі-үш жыл отырып шығарсын», деп ых-хы-хылап күлгені, баяғыда, «Қазақ филармониясында» директор кезінде, жазықсыз айыпталып, екі жылға сотталғанын айтып бергені әлі есімде.

Жаналығымды Әбірашка айтып едім, ол: «Білеміз, келіскенбіз» деп жымыңдайды. «Онда тағы да келісейік, менің орныма Асқар қалсын» — «Оны Сыр-ағанмен сөйлесейік» — «Жүріңіз, сөйлесіп шығайық». Бардык, айттық. Сыр-аға әдетінше мұрнын үйкелеп алып, біраз ойланып отырып: «Пәтер бердік, дұрыс. Енді... сенің орнына қоюға асықпайық, бұрыннан істеп келе жатқан, бір саты болса да өсуге уақыты

ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ БІР АСҚАРЫ ЕДІ...

өленін тықпалап желпілдемеді. «Өлендерінді ұсынбайсың ба?» десем, ақырын ғана химияды да: «Сенімдеріңізді ақтау үшін сын жазып біраз байқайын» дейді. Жеке бөлімнің ғана емес, жалпы редакцияның сенімін ақтады. Дипломын қорғап шыққан соң, басқа облысқа берілген жолдамасын өзгерттіріп, штатқа қызметке алғанымыз да сондықтан. Басқа гәзеттерде - өлендері, өзімізде —әдеби сын макалалары жарияланып жатты. Жауапты хатшымыз Әбірәш Жәмішев бауырсақ мұрнын алақанымен біреу үйкеп қойып: «Асқар талантты жігіт екен!» деп сүйінеді. Бас редакторымыз Сырбай Мәуленов те дән риза: «Тәртіпті бала екен!» дейді... «Сыр-аға, анау пәтерді тәртіпті балаға берейікші!» дедім бір күні. КҚП Орталық комитетінің Гәзет-журнал баспасы редакцияға үш бөлмелі пәтер бөлген. Сыр-аған да добал мұрнын доғал қолымен ырап-ырап алып: «Солай ма?.. Бізде, өзін білесін, пәтерсіз жүрген екі-ақ кісі ғой, екіншісі — машинистка қызымыз, бұл пәтерді екеуіне бөліп берейік, қыз бір бөлмесінде тұрсын, а что, күйеуге кеткенге дейін тұра берер» деді. «Ой, Сыр-аға, олай жасамайық, қызды қоя тұрайық, оған бұйырғаны тағы бола жатар, ал Асқардың әке-шешесі, келіншегі, екі баласы бар, соның бәрін жетектеп, пәтер жалдап есі шығып жүр!» дедім. Шындығында, Асқардың отбасында неше кісі барын білмейтінмін. «Солай ма?» деді Сыр-аға. «Біз де алты адам, дәл сондай, үш бөлмесі де қуықтай-қуықтай пәтерде тұрмыз, қиын-ақ!» дедім. «Сонда сенің пәтерің неше квадратный метр?» — «Отыз тоғыз ғана! Асқарға тіпті қиын болады, ол акын ғой, акынға жеке кабинет қажет қой?!» — «Солай ма?» — «Солай, Сыр-аға!». Редакцияға бөлінген пәтердің көлемінен хабарым жок-ты. Оның орнын акын ағамызға Асқардың ақындығын көлденең тартумен толтырудын ойыма сап ете қалғаны! «Дұрыс! Издательство көнсе, көнетін шығар, бұл пәтерді Асқарға берейік, дұрыс!» деп Сыр-аға арыстанның жалынша лудырап бетіне түскен қалың бұйрасын шашын сау қолымен артқа қайырып тастады.

Жаксы сөзді естіген Асқар зыр жүгіріп, қажетті құжаттарды баспаға апарып тапсырса, ондағылар құптамапты. «Отбасында үш кісі ғана барға үш бөлмелі пәтер бере алмаймыз» депті. «Енді не істеймін?» дейді акын ініміз, сынық үнмен. «Әке-шешен бар ма?» деймін. «Бар, Зайсанда, ауылда тұрады». Кап!.. Ары ойландық, бері ойландық. Әбірәшка бардым. Әбекен: «Рахметолламен сөйлесіп көрсен қайтеді, ол баспаның директорына сөзін өткізе алар», деп ақыл қосты. Рахметолла — белгілі акын Рахметолла Нұрпейісов. Облыстық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімі менгерушісінің орынбасары. Обкомға ауысар алдында бізде бөлім менгерушісі болған, екеуіміз үш жыл бір бөлмеде отырғанбыз, сырлас жолдастармыз. Рахан мені бірден қолдап, баспаның басшыларымен сөйлесуге уәде берді. Сонымен, ақырында асығымыз алшы түсті!



жеткен анау жігіттер ренжіп жүрер, Асқар әзірше әдеби қызметкер бола тұрсын, ол ренжімес, сен де ренжіме, жарай ма? Бүгін ренжіп қалып, ертең сен, жолдас директор, бізге Қырымға, Кавказға путевка бермей жүрме!» деп қарқыдап күлді. Мұны: «Мен Асқарға сөйткенмін!» деген қажетсіз ішкі есепті пендешілікпен еске алып отырған жоқпын. Қысқа да болса жарқын өмір сүре білген, халқының Азаматы, Ақыны дәрежесіне көтеріліп өткен аяулы інімізге сонау бір кезде жаға



бола алдым-ау деген шүкіршілік сезімім айтқызыды. «Мөлдір тұма» жыр жинағынан бастап оннан астам кітаптың авторы болған, поэзиямызға, әдеби сынымызға, прозамызға, аудармамызға да аса мол еңбек сіңірген Асқар Құрмашұлы Егеубаевтың кім болғанын ертеңгі танымпаз да әділ әдебиетші, талғампаз оқырман ұрпақ айтар. Оны бүгінгі біз танымалдық, танығымыз келмеді. Оның шығармаларын бүгінгі біз оқымалдық, оқығымыз келмеді. Мемлекеттік сыйлығына Асқардың жаңа өлендер кітабы ұсынылды.

Ол бір ғана жинақ емес еді, оның қапталында ұлы бабамыз Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны тұрған. 600 бет кітап! Көне түркі тілінен қазақшалаған — Асқар. Сыйлық берілмеді. 2004 жылғы сыйлыққа Асқардың келесі жаңа жырлар жинағы ұсынылды. Ол да бір ғана кітап емес еді, оның қапталында ұлы бабамыз Махмұд Кашқаридың «Түрік тілі сөздігі» тұрған. 3 том. 900 бет кітап! Көне түркі тілінен қазақшалаған — Асқар. Сыйлық берілмеді. Әлемге аян бұл екі бабамыздың мұншама көлемді де аса құнды еңбектерін қазақ

оқырмандарына жеткізу, жекелеген акын-аудармашыны былай қойғанда, әдеби-ғылыми ұжымдарға да ауыр жүк еді.



Асқардың әрі ақындық, әрі азаматтық ғажап еңбегіне Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияның бірде-бір мүшесі бірінші жолы да, екінші жолы да назар аудармады. «Күбірлегенді құдай естімей ме?», сыйлық үшін жанпида деп алашапқын болған пысықайлар назар аударуға мұршаларын келтірмеді. Сөйтіп «жоғары мәртебелі» мемлекеттік комиссияның «аса құрметті мүшелері» — «классиктер» мен академиктер — бірі, 2000 жылы маған Зейнолла Қабдолов ағамыз айтқандай,

«кайтейін, шәкіртім болған соң сызбадым, обалсындым» деп, бірі «алтын көрсе періште жолдан таядынын» кебімен теріс қарап отырып құптап, «қымбат» қолын қойып береді, әдебиетті «әу!» деместен жалпақшешейлікке жем етеді. Көптен бері осылай. Бір жылдары комиссияға мүше болған акын Қуан аға — Қуандық Шаңғытбаев: — Әй, сол комиссиясы бар болғырға мүше болғалы ұйқыдан қалдым, телефоным мен есігіме тыным жоқ! - деп ренжіп еді. Арды саудалау әдебиет ауылында да қызу жүріп жатқан заман-ай!

2006 жылдың сыйлығына Асқардың жаңа жыр жинағын ұсынуды қалаған оқырман көп болды. Ол жинағы да жалғыз кітап емес-ті, оның қапталында батыр жыршымыз Махамбет Өтемісұлы шығармаларының 4 томы тұр еді. Академиялық басылым талабына сай етіп, әдебиет институтының міндетін бастан-аяқ жалғыз өзі атқарған — Асқар! «Арбаның алдыңғы дөңгелегі қайда жүрсе, соңғы дөңгелегі сонда жүреді». Бұл жолы Жазушылар одағы, сірә, анау комиссиядан кем түспеуге құмартса керек, оның кітабын өздерінен жоғары талқыға жібермеді.

Соңғы екі кезеңде сыйлық алғандардың да, биыл алуы мүмкіндердің де ешқайсысының ақындық деңгейі Асқардың деңгейінен асып жатқан жоқ! Мұны қай акынның, қай сыншының алдында болсын, екі жерде екінің төртке тең екеніндей дәлелдеп бере аламын!

Акын Асқар ардан жаралған Азамат еді!.. Ол бақилыққа аттанып кетті. Біз оны, барында аялап алақанымызға салғандай-ақ, сылдыр-сұйық, жалтырауық жансыз сөзбен «айналайын-ай!»-лап жоқтап, көзімізді сілекейімізбен шылап шығарып салдық...

Бүгінде бізде Азамат Қаламгер сирек, азаматсыңған жазғыштар жеткілікті.



Еске алу

Тәуелсіз елі мен жерінің туын көтеріп, құлшына өзбектенген ардақты азамат, асыл ағамыз Есет

Ысқақұлы Қажымұратовтың дүниеден озғанына, міне, қырық күн өтіпті.



ӘР ҚАДАМЫ ІЗГІЛІКТІҢ ІЗІ ЕДІ

Бүгінгі Алматы облысы Көксу ауданы Мұсабек ауылында 1945 жылы 3 сәуірде дүниеге келген қазақ баласы Есет Ысқақұлы өз елінің маңдайалды мақтанышына айналды.

Сонау Мәскеу полиграфиялық институтын бітіріп, полиграфия маманы ретінде қанат қаға білді. Қай істі де ойланып-толғанып шешетін Есет аға талапшылдығымен, санасының елегінен өткізіп отыратындығымен, қапы кетпеуге, мүлт жібермеуге тырысып, жанашылдыққа ұмтылатындығымен ерекшеленетін. Соның арқасында полиграфия саласына бар ғұмырын арнады.

Есет Ысқақұлы баспа ісінің білгір маманы еді. Есет аға бірнеше буын баспагерлерді тәрбиелеуге, өндіріске уақыт ағымымен бірге жаңа технологиялардың енуіне үлес қосты. Есет ағаны еске алғанда ажарқын мінезі, талапшылдығы, баспа ісін бүге-шігесіне дейін білетіндігі, ұйымдастырғыштық қасиеті дәл бүгінгідей көз алдымызда тұра қалады.

Есағанның әр ісінен рухани бекзаттық танылып тұратын. Өзі таңдаған баспа ісі саласында білікті маман ретінде 54 жыл табанды қызмет етті. Қызмет жолын баспахана шеберінен бастаған ол, министрліктің сенім артқан қызметтерінің бәрінен де сүрінбей өтіп, ел үмітін ақтай білді. Сондықтан Есет Ысқақұлының полиграфия және баспа саласындағы атқарған қызметі — оның өмір жолының жарқын беттері десек еш қателеспейміз.

Есет Ысқақұлы ең бір күрделі, күрмеуі көп қиын кезеңдерде, тоқсаныншы жылдары Қазақ КСР Мемлекеттік Баспасөз комитетінің баспа ісін дамыту бөлімінің бастығы болды. Одан кейін министрліктің ғылыми-техникалық даму бас басқармасының басшылығына тағайындалды. Қандай басшылық қызметте де ол өзінің қарапайым мінезімен жүрген ортасында сыйлы бола білді. Нар тұлғалы азаматтың Ұлттық банктің қалыптасуына сіңірген еңбегін айрықша атап өтуге болады. Төл теңгемізді дүниеге әкелген баспагер қарлығаштарының бірі — сол кездегі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Өндірістік кәсіпорнының бас директоры Есет аға еді. Өзінен кейінгі жас толқын баспагерлерге ұлағатты тәлімгер болған ардагер аға, мемлекеттік мәні бар істерде де өзінің ұлтжандылығын таныта білді.

Есет ағаны парасаттылығы үшін ерекше құрметтеп, алдынан қия өтпеуші едік. Есағанның шекпенінен шыққан біздер үшін аяулы ағаның іні-қарындастарына, қабағынан шапағат, көзінен мейірім нұры төгіліп тұратын қалпында дәл кәзір есікті шалқасынан ашып, кіріп келетін сияқты болады да тұрады. Әрине, баспа саласындағы істеген лауазымды қызметтерін тізбектеп жатпасақ та, оның өмірі «Дәуір» баспасымен біте қайнасып өткені ақиқат. Суығына төзіп, ыстығына күйе білді. «Дәуір» баспасының абыройын асқақтатқан, халықаралық кітап көрмелерінен алған марапаттарында Есағанның да зор үлесі бар.

Жұмыс барысында қандай қиындыққа тап болса да, асқан сабыршылықпен жол табуға бейім еді. Есет ағаның бойынан азат арының, азамат қалыптастырған қасиеттің жасампаз күшін көріп, өнеге алушы едік. Енді оны жалғастыру — біздің парызымыз.

Біз аяулы Есет ағамыздың әріптестері, кеше ғана ақыл-көнесін тыңдап өскен бүкіл ұжым, жадымызда сақтаймыз. Есағанның жылы жүзі, жүрек лүпілі, «айналайын» деген ақ тілегі ешқашан ұмытылмайды. Ағаның бізге қалдырған өнегесі мен іс-тәжірибесін ізгілік деп білеміз. Сонынан ерген жастарға деген сенімін болашаққа ұмтылудың бір көрінісі деп қабылдаймыз. Қашанда қасымыздасыз, ардақты Есет аға! Салып кеткен сара жолыңыз біздің санамызда мәңгі сақталады...

«Дәуір» баспасының ұжымы



1974 жылғы көкек айында Жазушылар одағы басқармасының хатшылары Әнуар Әлімжанов пен Ілияс Есенберлин мені

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

(30. 04. 2020 ж.)



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

A I N A

www.jasqazaq.kz

ӨМІРАҢ
ӨЗІННІ

Демалыс сайын қаладағы базардың бірінде киім-кешек сататын әпкеме барып көмектесемін.

Маған базардың тыныс-тіршілігі қызық. Өзгеше бір әлем сияқты. Қарама-қарсы бутикте Бағила деген апайымыз бар. Үнемі жадырап, жайнап жүретін. Осы жолы салы суға кеткен адамдай көрінді.

келіншекпен таныстым. «Сіз тағы бір бутик ашып, ипотекаға үй алуды ойластырып жүрсіз» деп жоспарымның үстінен түсті. Бұл ойымды ешкімге айтпап едім. Содан кейін Әлиямен жақын араласа бастадым. Бірте-бірте бауыр басып, оның айтқанын бұлжытпай орындайтын болдым.

Екінші бутик ашып, онда үлкен ұлымды отырғызып қойдым. Саудам да жүріп жатты. Әлия бутиктеріме келіп, адыраспан жағып, дұғасын

Әлияға ол ақша да аздық етті. Ұлымның үйіне деп жинап жүрген депозиттегі қаржыны да шештіріп алды. Кейін «несиені біртіндеп жауып, қарызымды қайтарамын» деді.

Ақшаны алған «капитаным» сол кеткеннен мол кетті. Телефоны сөндірулі. Байланысқа шықпады. Несие уақытылы төленбеді, банк күнде мазалайды. Ақыры тапқан-таянғанымызды несиеге төлейтін болдық. Үйіне іздеп барсам, жалдамалы



Көршілерімен де ашылып сөйлеспеді. Манайындағылар «Бағила, бүгін сауда бола ма?», «көріпкелін не айтты, әй» деп кекетіп жатты. Ол кісі үнсіз отырды. Түсте Бағила апайды шәйға шақырдым. Шәй үстінде:

— Неге сізді мына кісілер келемеждеп жатыр? — деп сұрадым.

Бағила апай төмен қарап күрсінді.

— Қайдағы бір көріпкелге сенемін деп, барымнан айырылып қала жаздадым. Адам адасайын десе, оп-онай екен ғой, — деді сосын.

Адам ішіндегісін шығарса, жеңілдеп қалады ғой. «Айта беріңіз» дегендей ишара жасадым. Өзі де әрең шыдап жүрсе керек, әрмен қарай ірікпен жок:

«Осыдан бір жыл бұрын Әлия деген көріпкел

оқып кетеді. Көбінесе ол сенбі-жексенбі келетін. Ол күндері сауда қыза түсетін. Бірақ оған Әлияның да қосқан үлесі бар сияқты көрінетін. Тіпті бір сенбі күні:

— Бағила, бүгін бутикті ашпа! Бүгін сенің күнің емес, — деген кезде кері бұрылып, үйге қайтатынын.

Қандай түсті киім кию керек, туыстарыммен қалай сөйлесуім керек, бәріне нұсқау беріп отырады. Әлия маған бұйрық беретін «капитаным» айналғандай.

Бір келгенінде күйеуінің қатерлі ісікке шалдыққанын айтты. Ем-домына қомақты қаржы сұрады. Қарызға, әрине. Онымен жақын араласып жүргеннен кейін көмектескім келді. Жинаған ақшаммен коса, көлігім мен бір бутигімді кепілдікке қойып, банктен несиені алып бердім.

Макпал
НОҒАЙБАЕВА

Жеңімпаздар анықталды

Әссе байқауына қатысқан үміткерлер «Қазақстанның білім жүйесіне қандай реформалар керек?», «STEM-пәндерінің дамуы елдегі инклюзивтік мәдениеттің дамуына ықпал ете алады», «Болашақта қандай мамандықтар талап етіледі» деген тақырыптарды талқылап, білім саласын дамытуға арналған өз жоспарын ұсынды.

Әссе байқауында үшінші орын иеленген Балнұр Жұмакалырованың айтуынша, автоматтандыру,



энергетика, түрлі индустрия қалдықтарын қайта өңдеу — инвестиция мен дамуға серпін беретін, келешегі кемел салалар. Ал кәсіптік бағдар беру тақырыбын қозғаған Сәуле Мәуленкүл өз ойын былай түйіндейді: «STEM — өндірістік сұраныс пен студенттер арасында саналы таңдау жасауға мүмкіндік беретін көпір. Өйткені STEM-жобалары білімді іс жүзінде сынап, қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ командада жұмыс істеуге үйретеді».

STEM-сабақтар байқауына қатысушылар жоспар құрып, соның негізінде сабақтың бейне үлгілерін жасады. Байқауға 80-нен астам үміткер қатысты. Жүлделі орынды жеңіп алған алтауына диплом мен ақшалай сыйақы табысталды. 23 қатысушы көтермелеу сыйлығын иеленді.

Жаңа кітап
жарық көрді

Романның бас кейіпкері — Жетісу, Қоғалы өңірінің тумасы ұлы жүз, қызыл-қанлы руынан шыққан Құндақбай Төлендіұлы өзінің көзсіз ерлігі, мергендігі, оқ дарымастығы, басқа да қасиеттері арқасында осы жайлардың бастан аяқ басы-қасында болған.

Шығарманың тілі көркем, шытырман оқиғаларға толы. Әдебиет сүйер қауымның қызыға оқитыны даусыз.

Сондай-ақ жазушының «Бақ пен сор» атты кітабы қайта басылып шықты. Мұнда автордың әр жылдарда жазылған таңдамалы повестері, әңгімелері, сондай-ақ әдеби-сын, ғылыми-зерттеу мақалалары енгізілген. Қаламы қарымды қаламгердің тереннен тамыр тартқан ой-толғамдары оқырманға ой салып, көңіл көкжиегін кеңейтері ақиқат.



Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



Әлихан Ахметов, 5 жас



Айсана Бейсембаева, 4 жас



Әмір Сабаганов, 6 жас



Соғдиана Жиенбаева, 5 жас



Карантин жеңілдетілгеннен кейін Петропавл қаласындағы Оқушылар сарайына жан бітті. Әсіресе, «Шынайы әлем» студиясындағы бүлдіршіндердің қуанышында шек жоқ.

Әр топтағы бала саны бесеуден аспайды. Бейнелеу өнеріне баулитын бұл студия баланың өз қолтаңбасын қалыптастыруына көмектесіп, бағыт беруді мақсат еткен.

«Шынайы әлем» бізге ең кішкентай және ең креативті деген екі топтағы бүлдіршіндердің туындыларын ұсынып отыр.

Ғалия ҚАЛИЕВА

Қастеев ізбасарлары

Ясмин Сахтанова, 5 жас



Алан Сабаганов, 7 жас



Айлана Мұрзасова, 6 жас

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)Газет «Дәуір» ЖШС РПМК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2222;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VRY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.